**Елек негізгі орта мектебі бойынша**
**психологтың жүргізілген жұмыстардың есебі**
**2021-2022 оқу жылы**

Оқушылардың өмір сүру кеңістігін олардың өміріне жаңа қосымша мағыналар, сенсорлық түстер,мәдени мағыналар енгізу арқылы кеңейту мақсатында 8-9 клас оқушыларымен «Із кесуші» психологиялық акция өткізілді.

"Із кесуші" психологиялық ойыны өте жанды, жаппай және көңілді өтті.Оқушыларға белгілі бір көңіл-күй қалыптастырды, мектеп бір тұтас болды, ал ондағы адамдар жақын және қызықты әңгімелесушілер болды. 1 кластарға «Керн Иерасек», «Менің класым» жобалау тестері өтіп,одан кейін алған балалардың әсерлері ең жағымды және қуанышты болып қала берді.5-9 кластар арасында К.Роджерстің бағыты бойынша кеңес беру дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Түзету –дамыту бағыты бойынша сергету жаттығулары және «Следопыт» акциясы өткізілді. (Мысалы) «Амандасу рәсімі», «Дыбысты таңда», «Осылай бейнелеп сал», «Көру диктанты», «Бірдей затты көрсет» оқушылар бұл сергету жаттығуларға белсене қатысып, олардың мектепте осындай сергету жаттығулар мүмкіндігінше жиі өткізгісі келеді. Отбасы күніне орай 1 кластың ата-аналарына психологиялық көмек ретінде, вотзап желісі арқылы слайд көрсетілді. «Лусканова әдістемесі» нәтижесінде үш деңгей бойынша оқушылар сараланды. Ортаңғы деңгейді құрап отыр. «Ағаш тесті» адамның болмысын, оның эмоционалдық жай-күйін, қоғамдағы орнын анықтауға көмектеседі. «Зорлық – зомбылық алдын алу» сауалнамасы алынды, нәтижесінде ешқандай құқық бұзушылық анығталған жоқ, зорлық-зомбылықтан қорғанудың жолдары туралы кеңестер берілді. 9 кластарға «Психикалық денсаулық» тақырыбында кеңестер берілді. Өзгелермен қарым-қатынас жасау қабілеті, қажеттілік және еңбекке қабілеттілік, ойнауға қабілеті, автономия, этикалық нормаларды түсіну, эмоционалдық тұрақтылық,қорғау механизмдерін қолданудың икемделігі,хабардар болу,немесе басқаша айтқанда,ақылдылық,ойлану қабілеті,тиісті өзін-өзі бағалау,дұрыс тамақтану,физикалық белсенділік, өзін-өзі түсінуге деген талпыныс, тәуелділікті жеңу,стресске төзімділік,ойлау тәсілін өзгерту туралы кеңестер берілді.

6 класс арасында «Құпия дос» ойыны жүргізілді. Ойынның мақсаты жанымыздағы досымызға куаныш сыйлау. Достық туралы ұғымын кеңейту, адал дос болуға үйрету, қабылдарлық формада ашуды таркатуға үйрету, өзара түсіністік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған топтық жұмыстар, топпен жұмыс барысында мейірімділік атмосферасын орнату. Әрбір қатысушыға есімдер жазылған қағаздар ұсынылады. Әрбір қатысушы сол есімдер жазылған ширмаланған қағазды алып,«Құпия досының» кім екенін біледі.Ол есім құпия болып қалады.Келесі күні оқушылар өздерінің жақсы көңіл-күйлерімен «Құпия достарына» сыйлықтарын таратты.9 класс оқушыларымен оқушылардың білім деңгейін анықтау, логикалық ойлау қабілеттері мен жағдаяттан шығу дағдыларын дамыту, танымдық белсенділіктері мен пәнге қызығушылықтарын арттыру. Оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру. Оқушыларды көпшілік ортада сөйлеуге және өз ойын еркін айта алуға дағдыландыру, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу мақсатында,«Калейдоскоп» ойыны жүргізілді.

Оқушылардың таңдаған мамандықтарының өздеріне қоятын талаптарын ұғындыру және әрбір мамандыққа жауапкершілікпен қарауға үйрету мақсатында, 5-8 класс оқушыларымен «Ұйқыдағы қала» психологиялық жобалық -ойыны жүргізілді.

Психолог өз тілегін айтып, болашақ мамандардың алдында үлкен мәселелердің туындайтындығын тағы да бір рет айтып, «Алынбайтын асу жоқ» деген қазақтың қанатты сөзімен аяқтады.Ойын соңында тілектерін оқушылар шарларға жазып аспанға ұшырды.

Оқушылардың зейіні мен шығармашылық, психомоторикаneeds қабілеттерін дамыту мақсатында 1-4 класс оқушыларына «Жасырынып тұрған сөздерді тап», «Аспан-жер, су», «Барлығын еске түсіру», «Тында және орында», «Бұзылған телефон», «Ассоциация», «Коректуралық тапсырма», 9 класқа«Емтихан іскерлік ойын», «Кактус әдістемесі», «Менің көңіл-күйім неге ұқсайды?», «Айна жаттығуы», «Кәсіпқой жаттығуы», «Қағаздан жасалған қар

Сканировано с CamScanner

(агрессияны төмендетуге арналған жаттығулары) », «Болашақ чемпиондар», «Апельсин жаттығулары», «Түсіру! жаттығуы», «Әр түрлі кейіпкерлер жаттығулары» ойындары, психологиялық акция «Пикник» жүргізілді. Тренинг соңында, оқушылар тренингтен алған жақсы әсерлерімен бөлісті. Оқушының ерекшелік қабілеттерін, дарындағын анықтай отырып, сараптама жұмыстары жүргізіліп тұрады.































Сканировано с CamScanner





Құм терапиясы «Көңілді старт» ойындары мандала ойыны, сурет бойынша оқу, кедергілерден өту т.б









Сканировано с CamScanner











Мектеп директоры: Л.Д. Ибрашева

Мектеп психологы: М.К. Утегенова

Сканировано с CamScanner